« Бекітемін»

Мектеп директоры:
Т.Б.Таңирбергенов

________________

«05» 09 2023ж

« Келісемін»

Оқу ісінің орынбасары:
Р.К.Шакенова

________ ________

«05» 09 2023ж

ӘБ отырысында қаралды № 1

Ә.Б. жетекшісі: Т.К.Салкимбаев

________ ________

«05» 09 2023ж

**Калиновка орта мектебінің**
**музыка пәнінің мұғалімі А.С.Уталиеваның**
**«Домбыра-дастан » үйірмесінің жоспары**

2023-2024 о.ж.

Scanned by TapScanner

# Түсінік хат

2018 жылдан бастап домбыра аспабына көрсетілген құрмет ретінде шілде айының 1-ші жексенбісі мемлекеттік деңгейде тойланатын «Домбыра» күні мерекесі болып белгіленді. Ұлттық музыкалық аспабымыз домбыраны тәрбие құралы ретінде пайдалана отырып,оқушыларды өнер сүйгіштікке баулып,Отансүйгіш, ұлтжанды,жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеу.

«Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарламасын Ақтөбе облысында жүзеге асыру мақсатында, «Домбыра тартып үйренейік» бағдарламасы арқылы, күй өнері, соның ішінде күйшілік дәстүрді бойына сіңіріп, сол күйшілік дәстүрді жалғастырып жүрген зерттеуші,күйші, ұстаз ғалымдармен танысып, күйлерді насихаттап орындап жүрген домбырашылар туралы толық мағлұмат алады.

«Домбыра – дастан » үйірмесінің бағдарламасы жалпы білім беретін мектепке арналған.Балаларға домбыра үйрету арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ынтасын арттыру.Домбыра қағыстарын көзбен көріп құлақпен тыңдау арқылы домбыраны нотасыз үйрену.

«Домбыра – дастан » үйірмесі 5-11 сыныптарға 1-ші жыл (сынып) оқылып жатқандықтан,оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, домбырада орындалатын шығармалар, тыңдалатын күйлермен олардың шығу тарихы жайлы мәліметтер,берілетін тапсырмалар таңдалып алынды.

Күй туралы,күйшілік өнер, күйшілік мектеп туралы мәліметтер алады.

Қазіргі заман домбырашылардың орындауында халық композиторларының күйлерін тыңдап ,сол күйлердің шығу тарихын біліп әңгімелеп сипаттай алады.

Домбырада «Еркемай», «Гүлдерайым», «Қалаулым» әндерін өз сүйемелдеуінде орындай алатын болады.

«Келіншек», «Кеңес», «Қосалқа» күйлерін домбырада тартып үйренеді. Домбыраны меңгеріп шығады.

Scanned by TapScanner

# Домбыра-дастан

Оқушыларға жан жақты сапалы білім беру және деңгейі жоғары орындаушы дайындау үшін ұстаздар өз әдістемелерінің үлгісін үнемі жаңартып өзгертіп отырулары қажет. Сабақты оқушының жасына музыкалық қабілетіне ойлау, үйрену ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырған жөн.

**« Домбыра-дастан» үйірмесінің мақсаты:**

Домбыра тарту шеберлігін дұрыс меңгеруге , оқушының өнерге деген ынта-ықыласын өсіріп, эстетикалық талғамын арттыруға,музыканы дұрыс тыңдап, тереңдей түсіне білуге тәрбиелеу болып табылады.

- Аспапты ыңғайлы ұстап,дұрыс отырып үйрету
- Шығарманы талдай білуге, жете түсінуге дағдыландыру.
- Халық шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру.
- Сахна мәдениетін үйрету.

**Сабақтың міндеттері:**

- оқушының шығарманы есту, есте сақтау, ойнай білу қабілетін дамыту.
- Дәстүрлі орындаушылық ерекшеліктерін мұқият үйрету.
- Шәкірттің ой-өрісі мен қабілетіне қарай, өнерін жан-жақты талдап, тереңдете түсіндіру.

**Күтілетін нәтиже:**

- Аспапты ыңғайлы ұстап,дұрыс отыра біледі
- Шығарманы талдай біледі
- Сахна мәдениетін сақтай біледі.
- Үйренген шығармаларын тыңдаушыға жеткізе біледі.
- оқушының шығарманы есту, есте сақтау, ойнай білу қабілеті дамиды.
- Дәстүрлі орындаушылық шеберлігі артады

Scanned by TapScanner

| Р/с | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Әдебиеттер |
|---|---|---|---|---|
| | **І – тоқсан** | | | |
| 1 | Домбыра аспабының шығу тарихы. | 2 | 08.09, 06.09. | Әдістемелік |
| 2 | Домбыраны күтіп ұстауға үйрету | 2 | 13.09, 15.09 | Кітаптар |
| 3 | «Еркем-ай» әні | 2 | 20.09 22.09 | |
| 4 | Домбыраның құлақ күйін келтіру | 2 | 27.09 29.09 | Домбыра аспабы |
| 5 | Домбыра қағыстары | 2 | 04.10. 06.10. | |
| 6 | «Еркем-ай» әнін әрі қарай үйрену | 2 | 11.10. 13.10. | |
| 7 | «Біз өмірдің гүлдеріміз» әні | 2 | 18.10. 20.10. | Домбыра |
| 8 | «Біз өмірдің гүлдеріміз» әні | 1 | 27.10. | |
| | **ІІ – тоқсан** | | | |
| 10 | Әндерді қайталау | 2 | 08.11. 10.11. | Домбыра үйрену мектебі |
| 11 | Домбыра тарту техникасын өсіретін жаттығулар | 2 | 15.11. 17.11. | |
| 12 | «Құттықтаймын мама» әні | 2 | 22.11 24.11. | Домбыра |
| 13 | Арпеджиолар | 2 | 29.11. 01.12. | |
| 14 | «Құттықтаймын мама» әні | 2 | 06.12. 08.12. | |
| 15 | Қайталау сабағы | 2 | 13.12. 15.12 | |
| 16 | «Әгугәй,домбыра» әні | 2 | 20.12. 22.12. | Домбыра |
| 17 | «Әгугәй ,домбыра» әні | 2 | 27.12. | |
| | **ІІІ – тоқсан** | | | |
| 18 | «Қазақ осы» әні | 2 | 09.01. 11.01. | Әдістемелік |
| 19 | «Қазақ осы» әні | 2 | 16.01. 18.01. | кітаптар |
| 20 | Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс | 2 | 23.01. 25.01. | |
| 21 | «Кеңес» күйі | 2 | 30.01. 01.02. | Домбыра |
| 22 | Дыбыстың сапасы | 2 | 06.02. 08.02. | |
| 23 | «Кеңес» күйі | 2 | 13.02. 15.02. | |
| 24 | Дыбыстың сапасы | 2 | 20.02. 22.02. | |
| 25 | «Кеңес» күйі | 2 | 27.02. 29.02. | Домбыра |
| 26 | Шығармаларды қайталау, әрі қарай жетілдіру | 2 | 05.03. 07.03. | |
| 27 | Әндерді қайталау | 2 | 12.03. 14.03. | |
| 28 | Сабақ-концерт | 1 | 19.03. | |
| | **ІҮ – тоқсан** | | | |
| 29 | Мажор, минор гаммалар | 1 | 02.04. 04.04. | Әд.кітаптар |
| 30 | «Келіншек» күйі | 2 | 09.04 11.04. | |
| 31 | «Келіншек» күйі | 2 | 16.04. 18.04. | |
| 32 | Қайталау 5 – 6 буын | 1 | 23.04 25.04. | Домбыра |
| 33 | «Келіншек» күйі | 2 | 02.05. 14.05. 16.05. | |
| 34 | «Туған жер » әні | 2 | 21.05. | |
| 35 | Сабақ-концерт | 1 | 23.05. | |

Scanned by TapScanner